

**Асыл тастарға, оның ішінде өңделмеген табиғи алмастарға және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға сараптама жүргізу жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау және Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету, Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1479 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 356 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.06.2016 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімін орындау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 120 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамы асыл тастарға, оның ішінде өңделмеген табиғи алмастарға және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға сараптама жүргізу жөніндегі уәкілетті ұйым болып айқындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидалары;

2) Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан

Республикасының аумағынан әкету қағидалары;

3) Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды таңбалау қағидалары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды, сондай-ақ өңделмеген табиғи алмастарды кедендік декларациялау және кедендік тазарту орнын айқындасын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	23 қарашадағы
№ 1479	қаулысымен
бекітілген	

**Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын тарифтік емес бірыңғай реттеу туралы» ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімімен бекітілген Бағалы металдарды, асыл тастарды және құрамында бағалы металдар бар шикізаттық тауарларды ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағидалардың талаптары Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын трансферттік баға

белгілеу кезіндегі бақылауға қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) асыл тастар – Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес табиғи алмас, зүбәржат, лағыл, жақұт пен александрит, сондай-ақ шикі (табиғи) және өңделген түрдегі табиғи інжу. Бірегей кәріптас түзілімдері асыл тастарға теңестіріледі;

2) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар – Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әртүрлі көркемдік өңдеу түрлерін пайдаланып, бағалы, қолдан жасалған, түрлі-түсті тастардан және табиғи немесе жасанды жолмен жасалған басқа материалдардан жасалған көздері бар немесе оларсыз, басқа да бағалы металдардан және олардың қорытпаларынан жасалған бұйымдар ;

3) табиғи алмас – гауһар (КО СЭҚ ТН коды 7102 31 000 0) дайындау үшін пайдалануға болатын, ішінара өңделген түрдегі алмас, өнеркәсіптік немесе ғылыми мақсаттарда пайдалану үшін жарамды, ішінара не толық өңделген түрдегі алмас, сондай-ақ бір кристалды және көп кристалды алмасты құралдан рекуперацияланған алмас, түйіршік және ұнтақтар (КО СЭҚ ТН коды 7102 10 000 0, 7102 21 000 0, 7102 29 000 0, 7105 10 000 0);

4) гауһар – әртүрлі нысанда бедерленген, жылтыратылған қырлары бар, кейіннен пайдалануға арналған өңделген табиғи алмас (КО СЭҚ ТН коды 7102 3 9 0 0 0 0 ) ;

5) арнайы есепке алу – уәкілетті органның асыл тастармен, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын, заңды тұлғалардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) және дара кәсіпкерлердің тізілімін жүргізуі, оларды тізілімге енгізу үшін алымдарды өндіріп алуды көздемейді. Бұл арнайы есепті алуды жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды;

6) асыл тастарды мемлекеттік бақылау – уәкілетті орган жүзеге асыратын бақылау, ол асыл тастарды өндіру кезінде оларды сұрыптау және бағалау сапасын бақылауды, асыл тастардың сараптау (сәйкестендіру) үдерісінде айқындалатын жіктелу белгілерінің дұрыс анықталуын бақылауды, ішкі нарықта өңделмеген асыл тастармен жасалатын мәмілелерді есепке алуды, шығу тегін т е к с е р у д і қ а м т и д ы ;

7) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды мемлекеттік бақылау – уәкілетті орган жүзеге асыратын бақылау, ол бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар бағасын бақылауды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен жасалатын мәмілелердің заңдылығын белгілеуді қамтиды;

8) мемлекеттік бақылаушы - уәкілетті органның мамандандырылған не Қазақстан Республикасының кеден ісі саласында уәкілетті органы айқындаған

кеден бекеттерінде асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын және « электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы берілген мемлекеттік бақылау актілерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын өкілі;

9) әкелу кезінде мәлімдеуші – кәсіпкерлік қызметтің субъектілері ретінде тіркелген, Кеден одағына мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес асыл тастармен, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар және уәкілетті органның арнайы есебінде тұрған заңды және жеке тұлғалар;

10) әкету кезінде мәлімдеуші – кәсіпкерлік қызмет субъектілері ретінде тіркелген, асыл тастарға, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға заңды түрде не асыл тастардың, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың иелерімен жасалған агенттік келісімдердің комиссия шарттары бойынша иелік ететін, асыл тастармен, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар және уәкілетті органның арнайы есебінде тұратын заңды және жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер;

11) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;

12) уәкілетті ұйым – асыл тастарға, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға сараптама (сәйкестендіру) жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйым;

13) асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сараптау (сәйкестендіру) – уәкілетті ұйымның асыл тастардың, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың сапалық-түстік, сандық және құндық сипаттамаларын айқындауы (бұдан әрі – с а р а п т а м а ) .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **2. Асыл тастарды, асыл тастар мен бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу тәртібі**

4. Кеден одағына кірмейтін елдерден асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды (бұдан әрі – тауарлар) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу (бұдан әрі – әкелу) кезінде тауарларды кедендік декларациялау және кедендік тазартумен байланысты кедендік

операциялар жүргізілгенге дейін мәлімдеуші осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды әкелуді қоспағанда, мемлекеттік бақылау рәсімінен өтеді.

5. Мәлімдеуші мемлекеттік бақылау үдерісінде уәкілетті ұйымда сараптамадан (сәйкестендіруден) өтеді.

Сараптамадан өту кезінде Қағидалардың 8-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделгендерден басқа қосымша құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

6. Тауарларға сараптама (сәйкестендіру) жүргізу үшін уәкілетті ұйым зерттеу үшін мәлімделген тауарлар сынамаларын іріктейді.

7. Әкелінген тауарларға жасалатын сараптама (сәйкестендіру) үш жұмыс күні ішінде өткізіледі. Сараптама (сәйкестендіру) қорытындысы бойынша сараптамалық қорытынды үш данада жасалады. Бірінші және екінші даналары мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы мемлекеттік бақылаушыға ұсынуға арналған. Үшінші данасы уәкілетті ұйымда қалады.

8. Мемлекеттік бақылаудан өту үшін мәлімдеуші мемлекеттік бақылаушыға мына құжаттарды ұсынады:

1) ұйым деректемелері көрсетілген өтінім-хат және мемлекеттік бақылауды іске асыру үшін қажетті қоса берілетін құжаттар тізбесі;

2) келісімшарттың (шарттың, келісімнің) орыс тіліндегі көшірмесі, егер келісімшарт (шарт, келісім) орыс тілінде болмаса, онда келісімшарттың (шарттың, келісімнің) көшірмелеріне мәлімдеуші бекіткен және куәландырған аударма (мәлімдеушінің лауазымы және күні, қолы мен мөрі көрсетілген) қоса беріледі;

3) сандық және құндық мәндегі толық ассортименті көрсетілетін тауарлар ерекшелігі;

4) жауапты өкілдің жеке басын куәландыратын және оған құжаттар мен тауарларды ұсыну құқығын беретін ұйымның сенімхаты;

5) уәкілетті ұйымның сараптамалық қорытындысы.

9. Мемлекеттік бақылаушы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттарда қамтылған мәліметтердің дәйектілігін, арнайы есепке алынып тіркелгенін тексереді, тексеруден кейін асыл тастар үшін Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша және Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар үшін Ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік бақылау актісін (бұдан әрі – Акт) ресімдейді.

Актіде мемлекеттік бақылаушы ұсынылған тауардың келісімшартта және ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін/сәйкессіздігін көрсетеді.

Сәйкессіздік болмаған жағдайда мемлекеттік бақылаушы Актінің көрсетілген

бөлімінде «тауар қойылатын талаптарға сәйкес келеді» деген жазба жасайды.

Сәйкессіздік анықталған жағдайда «тауар қойылатын талаптарға сәйкес келмейді» деген жазба жасалады және тауар әкетуге жатады.

10. Акт Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ресімделеді және мәлімдеушіге беріледі.

11. Акт үш данада жасалады: бірінші және екінші данасы мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы кеден органына ұсынуға арналған. Үшінші данасы уәкілетті органда қалады. Актіге мемлекеттік бақылаушы қол қояды.

Мемлекеттік бақылаушы «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы берілген актілер тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Тауарларды әкелу кезінде мемлекеттік бақылаудан өткеннен кейін мәлімдеуші Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес тауарларды кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жүргізеді.

13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда кедендік аумақта кедендік қайта өңдеу рәсіміне орналастыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына кірмейтін елдерден тауарларды әкелу Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Тауарларды (табиғи алмас пен гауһарды қоспағанда) қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алу үшін мәлімдеуші уәкілетті органға жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) тауармен жасалатын операцияларды жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттар;

2) құндылықтарды қайта өңдеуге арналған келісімшарттың (шарттың) көшірмесі;

3) резидент еместерді қоспағанда, мәлімдеушінің меншік құқығында немесе өзге заңды негізде өндірістік үй-жайлардың болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) резидент еместерді қоспағанда, мәлімдеушінің өндірістік базасының болуы және Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті өндірісінде өнім дайындау көлемі туралы ақпарат;

5) Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қайта өңдеуге әкелінген өнімдер тізбесінің және қайта өңдеуге әкелінген құндылықтар тізбесінің түпнұсқалары;

б) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды

дайындаған кезде - резидент еместерді қоспағанда, уәкілетті органның меншік иесін тіркеу туралы хатының көшірмесі.

Тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты қарау нәтижесі бойынша уәкілетті орган мәлімдеушінің тауарларды өзінің өндірістік қызметінде пайдалануы туралы жазбаша растамамен әкелінетін қайта өңдеу өнімдері тізбесінің және қайта өңдеуге әкелінетін құндылықтар тізбесінің түпнұсқаларын мәлімдеушінің атына жібереді.

Тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беру мерзімі өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

### **3. Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету тәртібі**

14. Осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына кірмейтін елдерге әкету кезінде ( бұдан әрі - әкету) мәлімдеуші мемлекеттік бақылау және сараптау (сәйкестендіру ) рәсімдерінен өтеді.

15. Мәлімдеуші уәкілетті ұйымда тауарларды сараптаудан (сәйкестендіруден) өтпейді.

Сараптамадан өту кезінде Қағидалардың 18-тармағының 1) - 6) тармақшаларында көзделгендерден басқа, қосымша құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

16. Тауарларды сараптауды (сәйкестендіруді) жүргізу үшін уәкілетті ұйым мәлімделген тауарлардан зерттеу үшін сынама алады.

17. Әкетілетін тауарларды сараптау (сәйкестендіру) үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Сараптау (сәйкестендіру) қорытындысы бойынша үш данада сараптамалық қорытынды әзірленеді. Бірінші және екінші даналары мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы мемлекеттік бақылаушыға беруге арналған. Үшінші данасы уәкілетті ұйымда қалады.

18. Тауарларды әкету кезінде мемлекеттік бақылаудан өту үшін мәлімдеуші мемлекеттік бақылаушыға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ұйымның деректемелері көрсетілген өтінім-хат және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

2) келісімшарттың (шарттың, келісімнің) орыс тіліндегі көшірмесі, егер орыс тіліндегі келісімшарт (шарт, келісім) болмаған жағдайда, онда келісімшарттың (шарттың, келісімнің) көшірмесіне мәлімдеуші бекіткен және куәландырған аудармасы (мәлімдеушінің лауазымын және күнін, қолы мен мөрін көрсете отырып) қоса беріледі;

3) сандық және құндық көріністе толық ассортименті көрсетілетін тауарларға арналған ерекшелік;

4) ұйымның арнайы есепке қойылғанын растайтын құжат;

5) жауапты өкілдің жеке басын куәландыратын және оған құжаттар мен тауарларды ұсыну құқығын беретін ұйымның сенімхаты;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімдеуші ұсынған тауарлар құнының есебі;

7) уәкілетті ұйымның сараптамалық қорытындысы.

19. Мәлімдеуші өңделмеген асыл тастарды әкетуді жүзеге асыру кезінде 18-тармақта көрсетілген құжаттарға қосымша (өңделмеген табиғи алмасты қоспағанда) мыналарды ұсынады:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) сандық және құнды көріністе өңделген асыл тастардың толық ассортименті көрсетілетін түсіру ерекшелігі;

3) өлшемдік-салмақтық топтар бойынша жинақталған ерекшелігін, Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес экспортталатын тастардың әрбір партиясын дайындау үшін өңделмеген асыл тастардың нақты пайдаланылғаны туралы анықтама;

4) беру актілері мен ерекшеліктер (жинақтау ведомостары) бар, (оның ішінде осы келісімшарт (шарт) бойынша сатып алынған асыл тастар партиясының бір бөлігі әкетілген жағдайда) Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында өңделмеген асыл тастарды сатып алуға арналған келісімшарттардың (шарттардың) көшірмесі;

5) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілген асыл тастарды сатып алуға берілген келісімшарттар (шарттар) бойынша (өңделмеген асыл тастарды Кеден одағына мүше мемлекеттердің ішкі нарығында сатып алу) экспорттаушының мәмілелерін есепке алу туралы растама.

Экспорттаушылар мәмілелерін есепке алуды уәкілетті орган жүргізеді;

4) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес әрбір шикізат шарты бойынша өңделмеген асыл тастардың әкетілетін партиясының салмағы мен құны туралы жалпы анықтама.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Өңделген асыл тастарды әкетуді жүзеге асыру кезінде мәлімдеуші 18-тармақта көрсетілген құжаттарға қосымша мыналарды ұсынады:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы



ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

2) сандық және құнды көріністе өңделген асыл тастардың толық ассортименті көрсетілетін түсіру ерекшелігі;

3) өңделмеген асыл тастардың көлемдік-салмақтық топтары бойынша жиынтық ерекшелігі, Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес экспортталатын тастардың әрбір партиясын дайындау үшін оларды нақты пайдалану туралы анықтама ;

4) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 10,80 карат және одан астам салмағы бар өңделмеген алмасты пайдалану туралы анықтама;

5) кәсіпорынның 6,00 караттан астам гауһарды бағалау жөніндегі хаттамасы (актісі) ;

6) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

7) асыл тастардың шығу тегін (сатып алынғанын) және оларды иелену заңдылығын растайтын құжаттар: келісімшарттар, комиссияның шарты немесе агенттік келісім, өңделмеген асыл тастарға арналған беру актілері, жинақтама ведомосы, өңделмеген асыл тастарға арналған мәмілелер актісі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Мәлімдеуші асыл тастардан жасалған өндірістік-техникалық мақсаттағы бұйымдарды әкетуді жүзеге асыру кезінде 18-тармақта көрсетілген құжаттарға қосымша мыналарды ұсынады :

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өндірістік-техникалық мақсаттағы экспортталатын бұйымдардың әрбір партиясын дайындау үшін асыл тастарды нақты пайдалану туралы анықтама ;

2) әкетілетін бұйымдарды дайындау үшін пайдаланылатын асыл тастардың шығу тегін (сатып алынғанын) растайтын құжаттар: келісімшарттар, комиссияның шарты немесе агенттік келісім, өңделмеген асыл тастарды беру актілері, жинақтау ведомосы, өңделмеген асыл тастарға арналған мәмілелер актілері ;

3) асыл тастардан жасалатын өндірістік-техникалық мақсаттағы бұйымдарға арналған нормативтік-техникалық құжаттама.

22. Мемлекеттік бақылаушы Қағидалардың 18-тармағында, қажет болса, Қағидалардың 19 (сондай-ақ, осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген асыл тастарды қоспағанда, өңделмеген асыл тастардың экспортына арналған лицензияның көшірмесінің болуы), 20 (сондай-ақ, асыл тастардың (гауһардан

басқа) экспортына арналған лицензияның көшірмесінің болуы, уәкілетті органның сараптамалық комиссиясының хаттамасының болуы (өзінің сипаттамалары бойынша бірегей санатқа жатқызылуы мүмкін сатып алынған өңделмеген асыл тастарда немесе дайын өнімде асыл тастар болған жағдайда) және 21-тармақтарында көрсетілген құжаттарда қамтылған мәліметтердің дәйектілігін тексереді, тексеруден кейін асыл тастар үшін Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және бағалы металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар үшін Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік бақылау актісін (бұдан әрі - акт) ресімдейді.

Актіде мемлекеттік бақылаушы: ұсынылған тауардың келісімшартта және ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін/сәйкес еместігін; тауарлармен мәмілелер жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзудың болуы/болмауын жазады.

Сәйкессіздіктер болмаған жағдайда мемлекеттік бақылаушы Актінің көрсетілген бөлімінде «тауар қойылған талаптарға сәйкес келеді» деген жазба ж а с а й д ы .

Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда «тауар қойылған талаптарға сәйкес келмейді» деген жазба жасалады және ұсынылған тауар әкетуге жатпайды.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

23. Акт Қағидалардың 18-тармағында, қажет болса, Қағидалардың 19, 20 және 21-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ресімделеді және мәлімдеушіге беріледі.

24. Акт үш данада жасалады: бірінші және екінші даналары мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы кеден органына ұсынуға арналған. Үшінші данасы уәкілетті органда қалады. Актіге мемлекеттік бақылаушы қол қояды.

Мемлекеттік бақылаушы «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы берілген актілер тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

25. Тауарларды әкетуге мемлекеттік бақылаудан өткеннен кейін сәйкессіздік болмаған жағдайда мәлімдеуші тауарларды кедендік декларациялау үшін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүгінеді.

Егер алмас пен гауһарды қоспағанда, асыл тастардың келісімшарттық құны мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік бақылаушы анықтаған құннан

5 пайыздан астам төмен болса, олар Қазақстан Республикасының аумағынан ә к е т і л м е й д і .

Егер Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың сыртқы сауда шартында белгіленген келісімшарттық құны мемлекеттік бақылаудан өту рәсімінде мемлекеттік бақылаушы анықтайтын жалпы құннан кем болса, олар Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілмейді.

26. Тауарларды кедендік декларациялау жүргізілгенге дейін кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсіміне орналастыру үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжатты ұсыну қажет, оны беру осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген оларды әкелу кезінде қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беру тәртібіне ұқсас жүзеге асырылады.

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 1-қосымша

## Экспорты лицензия негізінде жүзеге асырылатын асыл тастардың тізбесі

Тауардың қысқаша атауы	КО СЭҚ ТН коды
Т а б иғ и а л м а с (өнеркәсіптік, өңделмеген немесе жай араланған, уатылған немесе олардың мөлшерлері және өңделу дәрежесіне қарамастан «борт» және «дриллинг» нысандарын, сондай-ақ, алмасты өңдеудің кез келген түрінің қалдықтарын қоса алғанда, "-3+2" және одан төмен елеуіш сыныптарының алмастарын қоспағанда, алғашқы өңдеуге түскен алмас концентраты)	7102 21 000 0-ден
(гауһар дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін өнеркәсіптік емес, өңделмеген немесе жай араланған, уатылған немесе алғашқы өңдеуге түскен)	7102 31 000 0
	7 1 0 3 1 0 0 0 0
Өңделмеген және өңделген табиғи асыл тастар	7 1 0 3 9 1 0 0 0
	7103 99 000 0

Өзге минералды заттар (тек бірегей кәріптас түзілімдері)

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 2-қосымша

### Экспорты лицензиясыз жүзеге асырылатын асыл тастар

Тауардың қысқаша атауы	КО СЭҚ ТН коды			
	2 8 4 3			1 0
	2 8 4 3	2 1	0 0 0	0
	2 8 4 3	2 9	0 0 0	0
	2 8 4 3	3 0	0 0 0	0
	2 8 4 3			9 0
Өнім және бұйымдар түріндегі бағалы металдар	7 1 0 6	1 0	0 0 0	0 *
	7 1 0 6			9 2 *
	7 1 0 8			1 3 *
	7 1 1 0			1 9 *
	7 1 1 0	2 9	0 0 0	0 *
	7 1 1 0	3 9	0 0 0	0 *
		7110 49 000 0*		

\* Құймалар, тілімдер, ұнтақтар мен түйіршіктер, сондай-ақ өңделмеген нысандар түріндегі аффинирленген бағалы металдарды қоспағанда.

7 1 1 3			
7 1 1 4			
7 1 1 5			
9 0 0 3	1 9	1 0 0	0
9021 29 000 0**			

\*\* Тек бағалы металдардан немесе тегістелген бағалы металдардан ғана.

9113 10 100 0  
 9608 10 300 0  
 9608 39 100 0  
 3006 40 000 0\*\*\*  
 7107 00 000 0  
 7109 00 000 0  
 7111 00 000 0  
 8544\*\*\*  
 9101\*\*\*

9102\*\*\*  
 9103\*\*\*  
 9105\*\*\*  
 9 1 1 1 \* \* \*  
 9112\*\*\*

\*\*\* Тек асыл тастар орнатылған немесе асыл тастар орнатылмаған бағалы металдардан ғана.

	6 8 0 4	2 1	0 0 0	0
Асыл тастардан жасалған өндірістік-техникалық мақсаттағы бұйымдар	8 2 0 5			
	8 2 0 7			
	8522 90 300 0			
Өнеркәсіптік, өңделмеген немесе жай араланған, уатылған немесе олардың мөлшерлері және өңделу дәрежесіне қарамастан «борт» және «дриллинг» нысандарын, сондай-ақ, алмасты өндеудің кез келген түрінің қалдықтарын қоса алғанда, "-3+2" және одан төмен елеуіш сыныптарының алмастарын қоспағанда, алғашқы өндеуге түскен алмас концентраты		7102 21 000 0-ден		
Өнеркәсіптік алмас, өзгелері		7102 29 000 0		
Табиғи алмастың үгіндісі мен ұнтағы		7105 10 000 0		
Өңделген, бірақ өнеркәсіптік емес, жиектелмеген немесе бекітілмеген алмас, өзгелері (гауһар).		7102 39 000 0		
Асыл тастардан және табиғи інжуден жасалған бұйымдар	7 1 1 6		2 0 - д а н	
	7116 10 000 0-дан			

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 3-қосымша

**Мәлімдеушінің өндірістік базасының болуы және \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ жарты жылдық ішінде меншікті өндірісінде дайындалған өнім көлемі туралы АҚПАРАТ**

Мәлімдеушінің атауы \_\_\_\_\_

Өндірістік базасының болуы			Меншікті өндіріс өнімі		

өндірістік алаңдар (ш.м)	технологиялық жабдық тізбесі (станоктар саны және типтері)	негізгі өндірісте жұмыс істейтіндер саны (адам)	өнімдер номенклатурасы	есептік кезеңде меншікті өндірісте өндірілді (кг)*	Таңбаланды (тек меншікті өндіріс өнімі) (дана)

\* Егер мәлімдеуші өндірістік қызметін жарты жылдан кем жүзеге асырса, нақты жұмыс істеген уақыты ішінде өндірілген өнімнің саны көрсетіледі.

Мәлімдеуші лауазымының атауы \_\_\_\_\_  
қолы Т.А.Ә.

М.О.

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына

4-қосымша

Үлгі

### Қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) өнімдер ТІЗБЕСІ

Р/с №	Мәлімдеуші	КО СЭҚ ТН бойынша қайта өңдеу өнімдерінің коды	Келісімшарт	КО СЭҚ ТН бойынша қайта өңдеу өнімдерінің коды	КО СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі	Қайта өңдеу өнімдерінің саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Құны, АҚШ доллары	Тауар өнімі	Қайта өңдеу қалдықтары	Құндылықтардың шығыны	Құндылықтардың қалдықтары	Кеден
-------------------	-------------	------------------------	-----------------------	---------------------------	-------

8	9	10	11	12	13

Мәлімдеуші лауазымының атауы

Мемлекеттің органның уәкілетті тұлға  
лауазымының атауы

\_\_\_\_\_ (қолы) (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы) (Т.А.Ә.)

Мәлімдеушінің  
бас бухгалтері

\_\_\_\_\_ (қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

М.О.

**Қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) өнімдердің тізбесін  
толтыру қағидалары**

1. 2-бағанда мәлімдеушінің атауы көрсетіледі.
2. 3-бағанда қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) өнімдердің атауы көрсетіледі.
3. 4-бағанда келісімшарттың (шарттың) деректемелері көрсетіледі, оған сәйкес қайта өңдеу өнімдері әкелінеді (әкетіледі).
4. 5-бағанда КО СЭҚ ТН бойынша қайта өңдеу өнімдерінің он белгілік коды көрсетіледі.
5. 7-бағанда КО СЭҚ ТН (6-баған) бойынша тауар позициясына сәйкес қайта өңдеу өнімдерінің саны өлшем бірліктерімен көрсетіледі.
6. 8-бағанда қайта өңдеу өнімдерінің құны АҚШ долларымен көрсетіледі.
7. 9-12-бағандарда бір өлшем бірлігімен тауар өнімдерінің, қалдықтарының, шығынының және қалдықтардың саны көрсетіледі.
8. 13-бағанда қайта өңдеу өнімдерін және қалдықтарды кедендік декларациялауды жүргізетін кеден органы көрсетіледі.

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы

## Қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) құндылықтардың ТІЗБЕСІ

Р/с №	Мәлімдеуші	КО СЭҚ ТН бойынша құндылықтар атауы	Келісім-шарт (шарт)	КО СЭҚ ТН бойынша құндылықтар коды	КО СЭҚ Т Н бойынша өлшем бірлігі	Құндылық тар саны	Құны, АҚШ доллары	Кеден
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Мәлімдеуші лауазымының атауы

Мемлекеттік органның уәкілетті  
тұлға лауазымының атауы

(қолы) (Т.А.Ә.)

(қолы) (Т.А.Ә.)

Мәлімдеушінің  
бас бухгалтері

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

М.О.

Қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) құндылықтар тізбесін толтыру қағидасы

- 2-бағанда мәлімдеушінің атауы көрсетіледі.
- 3-бағанда қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) құндылықтар атауы көрсетіледі
- 4-бағанда әкелінетін (әкетілетін) құндылықтарға сәйкес келісімшарттың (шарттың) деректемелері көрсетіледі.
- 5-бағанда КО СЭҚ ТН бойынша құндылықтардың он белгілік коды көрсетіледі.
- 7-бағанда КО СЭҚ ТН бойынша тауар позициясына сәйкес құндылықтар саны өлшем бірліктерімен көрсетіледі (6-баған)
- 8-бағанда құндылықтың құны АҚШ долларымен көрсетіледі.
- 9-бағанда қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) құндылықтарды кедендік декларациялау жүргізетін кеден органы көрсетіледі.

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы



**Асыл тастардың, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың жалпы құнын есептеудің ұсынылатын нысаны**

Бұйымдардың атауы және сипаттамасы	Саны, салмағы	Бағасы (теңге)		Негіз (прейскуранттың нөмірі және прейскурант бойынша позициясы)	Келісімшарттың құны (АҚШ доллары (2x3 - бағ.))	Асыл тастардың, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың жалпы құны (АҚШ доллары) 2x4 - бағ.)
		келісім-шарттық	асыл тастарға прейскуранттар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдардың әлемдік бағасы			
1	2	3	4	5	6	7
Келісімшарттық құны	-	-	-		+	+
оның ішінде:						
А бұйымы, дана	+	+	-		+	+
оның ішінде:						
зубаржат, карат	+	-	+		-	+

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 7-қосымша

**№ \_\_\_\_\_ экспорттық келісімшартқа  
өңделмеген асыл тастарды пайдалану туралы анықтама**

P/c №	Шикізат құжаттарының №№, күні	Беру актілерінің №№, жинақтау ведомостарының №№	Келісімшарт, беру актілері, жинақтау ведомостары бойынша өңделмеген асыл тастар	Экспортқа өткізу үшін өңделген асыл тастарды жасауға пайдаланылған өңделмеген асыл тастар	Ішкі нарықта сату үшін өңделген асыл тастарды жасауға пайдаланылған өңделмеген асыл тастар

			салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары

**кестенің жалғасы**

Қосымша нарықта сатылған өңделмеген асыл тастар		Бұрын әкетілген өңделмеген асыл тастар		Әкетуге мәлімделген өңделмеген асыл тастар		Қоймадағы немесе өндірістегі өңделмеген асыл тастардың қалдығы	
салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны АҚШ доллары	салмағы, карат	құны АҚШ доллары

**К ә с і п о р ы н** **б а с ш ы с ы**  
**Б а с** **б у х г а л т е р ,**  
**М.О.**

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 8-қосымша

**200 ж. " " № келісімшарт бойынша экспортқа (ішкі нарыққа) асыл тастарды жасау үшін өңделмеген асыл тастарды пайдалану туралы анықтама**

Р / с №	Келісімшарттардың және өңделмеген асыл тастарды беру актілерінің күні және №№	Өңделмеген асыл тастарды сатушы	Келісімшарт бойынша өңделмеген асыл тастар		Әкетілетін асыл тастар сәйкес келетін өңделмеген асыл тастар	
			салмағы, кар.	құны, АҚШ доллары	салмағы, кар.	құны, АҚШ доллары
1	2	3	4	5	6	7
1. Экспорт						
Ішкі нарық						

	ЖИЫНЫ:					

**кестенің жалғасы**

Әкетілетін асыл тастар			Жарамды шығу, %	Өңделмеген асыл тастардың қалдығы өндіріс және қоймадағы)	
салмағы, кар.	құны, АҚШ доллары			салмағы, кар.	құны, АҚШ доллары
	есептік	келісім-шарттық			
8	9	10	11	12	13

Кәсіпорын

басшысы

М.О.

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 9-қосымша

**Салмағы 10,80 карат және одан астам алмас шикізатын пайдалану туралы анықтама**

Р/с №	Келісім-шарттың, беру актісінің, жинақтау ведомосының № және күні	А л м а с шикізатының сипаттамасы ( түсі, ақауы)	Келісімшарт бойынша алмас шикізаты		Гауһарға сәйкес келетін алмас шикізаты	
			кристалл салмағы (кар.)	құны, АҚШ доллары	кристалл салмағы (кар.)	құны, АҚШ доллары
1	2	3	4	5	4.1	5.1
1.						
жиыны:						
...						
Жалпы қорытынды:						

**кестенің жалғасы**

--

Алынған гауһар

даналары	қырлау нысаны	сипаттамасы ( түсі, ақауы, тобы)	салмағы ( кар.)	1 кар. үшін есептік/ белгіленген бағасы ( жеңілдіктермен, үстемелермен), ( АҚШ доллары)	есептік/ белгіленген құны (жеңілдіктермен, үстемелермен) (АҚШ доллары)	келісім-шарттың құны, АҚШ доллары
6	7	8	9	10	11	12

Ескертпе: - Салмағы 6.00 караттан жоғары гауһар саны, салмағы мен есептік және келісімшарттық құны бойынша қорытынды шығару қажет;

- Егер кристалдың бір бөлігі пайдаланылған жағдайда, онда 4, 5-бағандарда кристалдың бастапқы салмағы мен құны көрсетіледі, 4.1 бағанда кристалдың пайдаланылған бөлігінің салмағы және осы бағанда (\*) жұлдызшамен кристалдың пайдаланылмаған бөлігінің салмағы көрсетіледі.

- Егер кристалдың бір бөлігі бұрын өңделген болса, онда 4, 5-бағандарда кристалдың бастапқы салмағы мен құны көрсетіледі, 4.1 бағанында (#) тормен гауһардың бұрын пайдаланылған бөлігінің салмағы және ағымдағы тиесп жөнелту бойынша пайдаланылған бөлігінің салмағы көрсетіледі.

- Егер шикізат келісімшарты бойынша қалдықтар технологиялық қажеттіліктерге пайдаланылған жағдайда, бұны шикізатты есептен шығаруды растайтын құжаттарды көрсетіп, ескертпелерде жазу қажет.

- 9-бағанды толтыру кезінде алынған орташа, ұсақ көлемді гауһарды біріктіруге жол беріледі.

К ә с і п о р ы н

б а с ш ы с ы

М.О.

Асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына 10-қосымша

**№ \_\_\_\_\_ экспорттық келісімшартқа өндірістік-техникалық  
мақсаттағы бұйымдарда асыл тастарды пайдалану туралы анықтама**

Р/с № Шикізат құжаттарының №, күні, асыл тастарды сатушы	Келісімшарттар, беру актілері, жинақтау ведомостары бойынша асыл тастар		Өндірістік-техникалық мақсаттағы бұйымдарда пайдаланылған асыл тастар		Әкетуге мәлімделген өндірістік-техникалық мақсаттағы бұйымдар		Бұрын пайдаланылған асыл тастар		Қоймадағы немесе өндірістегі тастардың қалдығы	
	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	саны, данасы	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары	салмағы, карат	құны, АҚШ доллары

\* Меншікті өндірісте өңдеу.

Б а с

д и р е к т о р

Б а с

б у х г а л т е р

М.О.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 3

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 4 7 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімімен бекітілген Бағалы металдарды, асыл тастарды және құрамында бағалы металдар бар шикізаттық тауарларды ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден

одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ережеге (бұдан әрі - Ереже)  
с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Осы Қағидалардың талаптары трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылауға қолданылмайды.

3. Өңделмеген табиғи алмасты тек Кимберлий үдерісіне қатысушы елдерден әкелуге және әкетуге рұқсат етіледі.

4. Өңделмеген табиғи алмасты әкелу және әкету ашудан қорғалған контейнерлерде (пломбаланған сейф-пакеттерде) жүзеге асырылады.

5. Кимберлий үдерісінің хатшылығымен ақпарат алмасу электрондық хабарлар жолымен жүзеге асырылады.

6. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) өңделмеген табиғи алмас – өңделмеген немесе жай араланған, сындырылған немесе рундист жағылған (7102 10 000 0, 7102 21 000 0, 7102 31 000 0 КО СЭҚ ТН кодтары) алмас;

2) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;

3) уәкілетті ұйым – Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты сараптауды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйым;

4) мемлекеттік бақылаушы - уәкілетті органның мамандандырылған не Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы уәкілетті органы айқындаған кеден бекеттерінде өңделмеген табиғи алмасты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын және «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы берілген мемлекеттік бақылау актілерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын ө к і л і ;

5) өңделмеген табиғи алмасты мемлекеттік бақылау – уәкілетті орган жүзеге асыратын бақылау, ол мыналарды қамтиды:

өңделмеген табиғи алмасты өндіру кезінде оларды сорттық және бағалау с а п а с ы н б а қ ы л а у ;

сараптау (сәйкестендіру) үдерісінде анықталатын өңделмеген табиғи алмастың сыныптауыш белгілерінің дұрыс анықталуын бақылау;

ішкі нарықта 10 жұмыс күні ішінде өткізу үшін гауһар тастар өндірісі субъектілерінің экспорттауына арналған өңделмеген табиғи алмас партиясын м і н д е т т і ұ с ы н у д ы б а қ ы л а у ;

өңделмеген табиғи алмастың шығу тегін және оларды иелену заңдылығын т е к с е р у ;

өңделмеген табиғи алмасты сертификаттаудың халықаралық схемасын іске асыру мақсатында өңделмеген табиғи алмасты әкелу кезінде экспорттаушы

- мемлекетке өңделмеген табиғи алмасты әкету сертификатының (Кимберлий үдерісінің сертификаты) болуын бақылау және есепке алу;
- ішкі нарықта өңделмеген табиғи алмаспен жасалатын мәмілелерді есепке алу;
- 6) өңделмеген табиғи алмасты сараптау – уәкілетті ұйымның өңделмеген табиғи алмастың сапалық-түстік, сандық және құндық сипаттамаларын анықтауы ;
- 7) Кимберлий үдерісінің сертификаты – өңделмеген табиғи алмас партиясын сертификаттау схемасының талаптарына сәйкес келетін ретінде сәйкестендіретін белгіленген нысандағы құжат ;
- 8) даулы алмас – ұрыс қимылдарын жүргізу аумақтарында өндірілген, сатудан түскен ақша өңірлік қақтығыстарды және халықаралық террорлық топтарды қаржыландыруға жұмсалатын алмас ;
- 9) Кимберлий үдерісіне қатысушы – мақсаты алмас тауар айналымынан даулы алмасты алып тастау болып табылатын алмас өндіруші елдер мен тұтынушы елдер қауымдастығына қатысушы ;
- 10) арнайы есепке алу – уәкілетті органның өңделмеген табиғи алмаспен жасалатын операцияларды жүзеге асыратын, оларды тізілімге енгізу үшін алымдарды алуды көздемейтін заңды тұлғалардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісін қоспағанда) және жеке кәсіпкерлердің тізілімін жүргізуі. Арнайы есеп жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді ;
- 11) мәлімдеуші – табиғи алмасты, гауһарды, өңделмеген табиғи алмасты, өнімдер мен бұйымдарды өндіруші субъектілер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген субъектілермен, комиссиялар шарттары және агенттік келісімдері бойынша өңделмеген табиғи алмаспен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар және уәкілетті органның арнайы есебінде тұрған заңды тұлғалар ;
- 12) өңделмеген табиғи алмасты өндіретін субъектілер – Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында табиғи алмас өндіруді жүзеге асыратын ұйымдар, бұл ұйымдар резиденттер болып табылады ;
- 13) гауһар өндірісі субъектілері – резиденттері болып табылатын Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында гауһар дайындау мақсатында өңделмеген табиғи алмасты қырнаууды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар мен д а р а к ә с і п к е р л е р ;
- 14) өңделмеген табиғи алмастан алынған өнімдерді және бұйымдарды өндіруші субъектілер – резиденттері болып табылатын Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімді, сондай-ақ тұрмыстық және зергерлік бұйымдарды дайындау мақсатында өңделмеген табиғи алмасты өңдеуді жүзеге асыру немесе пайдалану құқығы бар ұйым және д а р а к ә с і п к е р л е р .

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **2. Өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу тәртібі**

7. Өңделмеген табиғи алмасты Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу (бұдан әрі – әкелу) кезінде тауарларды кедендік декларациялаумен және кедендік тазартумен байланысты кедендік операциялар жүргізілгенге дейін мәлімдеуші осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін өңделмеген табиғи алмасты өңдеу үшін әкелуді қоспағанда, өңделмеген табиғи алмасты мемлекеттік бақылау рәсімінен өтеді.

8. Мәлімдеуші мемлекеттік бақылау үдерісінде уәкілетті ұйымда өңделмеген табиғи алмасты сараптамадан (сәйкестендіруден) өткізеді.

Сараптамадан өткізу кезінде Қағидалардың 11-тармағының 1) - 5) тармақшаларында көзделгендерден басқа, қосымша құжаттарды ұсыну талап е т і л м е й д і .

9. Өңделмеген табиғи алмасты сараптамадан (сәйкестендіруден) өткізу үшін уәкілетті ұйым мәлімделген өңделмеген табиғи алмастардан зерттеулер үшін с ы н а м а а л а д ы .

10. Әкелінетін өңделмеген табиғи алмасты сараптау үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Сараптау (сәйкестендіру) қорытындылары бойынша сараптамалық қорытынды үш данада жасалады. Бірінші және екінші даналары мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы мемлекеттік тексерушіге ұсынуға арналған. Үшінші данасы уәкілетті ұйымда қалады.

11. Мемлекеттік бақылаудан өту үшін мәлімдеуші мемлекеттік бақылаушыға м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы :

1) ұйымның деректемелері көрсетілген өтінім-хат және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті қоса берілген құжаттар тізбесі;

2) орыс тіліндегі келісімшарттың (шарттың, келісімнің) көшірмесі, оның негізінде өңделмеген алмасты әкелу жүзеге асырылады, егер келісімшарт орыс тілінде болмаған жағдайда, онда келісімшарттың (шарттың, келісімнің) көшірмесіне мәлімдеуші бекіткен және куәландырған аудармасы (мәлімдеушінің лауазымын және күнін, қолы мен мөрін көрсете отырып) қоса беріледі;

3) өңделмеген табиғи алмастың ерекшелігі;

4) экспорттаушы мемлекеттің өңделмеген табиғи алмасты әкету сертификаттары (Кимберлий үдерісінің сертификаты);

5) ұйымның жауапты өкілінің жеке басын куәландыратын және оған құжаттар



мен өңделмеген табиғи алмасты ұсынуға құқық беретін сенімхаты;

б) уәкілетті ұйымның сараптамалық қорытындысы.

12. Мемлекеттік бақылаушы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын, арнайы есепке алынып тіркелгенін тексереді, тексеруден кейін Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік бақылау актісін (бұдан әрі – Акт) ресімдейді.

Мемлекеттік бақылаушы Актіде көрсетілген өңделмеген табиғи алмастың келісімшартта және ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестігін/ с ә й к е с с і з д і г і н ж а з а д ы .

Сәйкессіздіктер болмаған жағдайда мемлекеттік бақылаушы Актінің көрсетілген бөлімінде «тауарлар қойылған талаптарға сәйкес келеді» деген жазба ж а с а й д ы .

Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда «тауарлар қойылған талаптарға сәйкес келмейді» деген жазба жасалады және тауар әкетуге жатады.

13. Акт Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ресімделеді және мәлімдеушіге беріледі.

14. Акт үш данада жасалады: бірінші және екінші данасы мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы кеден органдарына ұсынуға арналған. Үшінші данасы уәкілетті органда қалады. Актіге мемлекеттік бақылаушы қол қояды.

Мемлекеттік бақылаушы «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы берілген актілер тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

15. Өңделмеген табиғи алмасты әкелу кезінде мемлекеттік бақылаудан өткеннен кейін мәлімдеуші Қазақстан Республикасының және Кеден одағының кедендік заңнамасына сәйкес тауарларды кедендік декларациялаумен байланысты кедендік операцияларды жүргізеді.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда кедендік аумақта өңделмеген табиғи алмасты кедендік қайта өңдеу рәсіміне орналастыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына кірмейтін елдерден тауарларды әкелу Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Өңделмеген табиғи алмасты қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алу үшін мәлімдеуші уәкілетті органға жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) ұйымның арнайы есепке қойылғанын растайтын құжат;
- 2) қоса берілген ерекшелікпен бірге, өңделмеген табиғи алмасты қайта өңдеуге арналған келісімшарттың (шарттың) көшірмесі;
- 3) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес келісімшарт бойынша гауһарларды

өлшемдік-таразылық топтары бойынша дайындау болжамының есебі;

4) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес келісімшарт бойынша қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларының есебі;

5) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес келісімшарт бойынша өңделмеген табиғи алмасты пайдалану туралы анықтама;

6) өңделмеген табиғи алмастар қайта сұрыпталған жағдайда Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өңделмеген табиғи алмасты қайта сұрыптау туралы анықтама беріледі, оның негізінде көрсетілген анықтама жасалған құжаттардың көшірмелерімен қоса ұсынылады;

7) өңделмеген табиғи алмастар қарулы қақтығыс аймақтарында («күмәнді алмасты») өндірілмегендігі туралы растама;

8) өңделмеген табиғи алмасты сату-сатып алу келісімшарттарының (шарттардың) және келісімшарттың (шарттың) талаптарына сәйкес меншік құқығына ауысуды растайтын құжаттардың көшірмелері;

9) мәлімдеуші резиденті болып табылатын Кеден одағына мүше мемлекеттердің уәкілетті органы берген өңделмеген табиғи алмастар мен мәмілелерді есепке алу туралы хабарламалардың көшірмелері;

10) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қайта өңдеуге әкелінетін өңделмеген табиғи алмастың тізбесі;

11) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес өңделмеген табиғи алмастың қайта өңделген әкелінетін өнімдерінің тізбесі.

Өңделмеген табиғи алмасты қайта өңдеу шарттары туралы құжатты қарау нәтижесі бойынша уәкілетті орган гауһарларды дайындау мақсатында мәлімдеушінің өңделмеген табиғи алмасты өзінің өндірістік қызметінде пайдалануы туралы жазбаша растамамен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қайта өңдеуге әкелінетін өңделмеген табиғи алмастың тізбесін және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес өңделмеген табиғи алмастың қайта өңделген әкелінетін өнімдерінің тізбесін мәлімдеушінің атына жібереді.

Өңделмеген табиғи алмасты қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беру мерзімі өтінім берілген күнінен бастап он жұмыс күнін құрайды.

### **3. Өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағынан әкету тәртібі**

17. Осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына кірмейтін елдерге әкету кезінде (бұдан әрі - әкету) мәлімдеуші мемлекеттік бақылау және сараптау (сәйкестендіру) рәсімдерінен өтеді.

18. Мәлімдеуші уәкілетті ұйымда өңделмеген табиғи алмастың

сараптамасынан (сәйкестендіруінен) өтеді.

Сараптамадан өту кезінде мемлекеттік бақылаушыға Қағидалардың 21-тармағының 1)-10) тармақшаларында көзделгендерден басқа, қосымша құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

19. Өңделмеген табиғи алмасты сараптауды (сәйкестендіруді) жүргізу үшін уәкілетті ұйымның өкілі мәлімделген өңделмеген табиғи алмастардан зерттеу үшін сынама алады.

20. Әкетілетін өңделмеген табиғи алмасты сараптау (сәйкестендіру) үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Сараптама (сәйкестендіру) қорытындысы бойынша үш данада сараптамалық қорытынды жасалады. Бірінші және екінші даналары мәлімдеушіге беріледі. Бірінші данасы мемлекеттік бақылаушыға беруге арналған. Үшінші данасы уәкілетті ұйымда қалады.

21. Өңделмеген табиғи алмасты әкету кезінде мемлекеттік бақылаудан өту үшін мәлімдеуші мемлекеттік бақылаушыға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ұйымның деректемелері көрсетілген өтінім-хат және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

2) ұйымның арнайы есепке қойылғанын растайтын құжат;

3) өңделмеген табиғи алмастың экспортына арналған лицензияның көшірмесі ;

4) орыс тіліндегі келісімшарттың (шарттың, келісімнің) көшірмесі, оның негізінде өңделмеген табиғи алмасты әкету жүзеге асырылады, егер келісімшарт орыс тілінде болмаған жағдайда, онда мәлімдеуші келісімшарттың (шарттың, келісімнің) көшірмесіне мәлімдеуші бекіткен және куәландырылған (мәлімдеушінің лауазымын және күнін, қолы мен мөрін көрсете отырып) аудармасын қоса береді ;

5) өңделмеген табиғи алмастарға ерекшелік;

6) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімдеуші ұсынған өңделмеген табиғи алмастар құнының есебі;

7) беру актілері және ерекшеліктер (жинақтау ведомостері) бар, (оның ішінде, егер осы келісімшарт (шарт) бойынша өңделмеген асыл тастар партиясының бір бөлігі әкетілген жағдайда) Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында өңделмеген табиғи алмасты сатып алуға арналған келісімшарттардың (шарттардың) көшірмесі ;

8) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілген өңделмеген табиғи алмасты сатып алуға берілген келісімшарттар (шарттар) бойынша (өңделмеген табиғи алмасты Кеден одағына мүше мемлекеттердің ішкі нарығында сатып алу) экспорттаушының мәмілелерін есепке алу туралы растама.

Экспорттаушылар мәмілелерін есепке алуды уәкілетті орган жүргізеді.

9) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес әрбір шикізат шарты бойынша

өңделмеген табиғи алмастың әкетілетін партиясының салмағы және құны туралы  
ж а л п ы а н ы қ т а м а ;

10) жауапты өкілдің жеке басын куәландыратын және оған құжаттар мен тауарларды ұсыну құқығын беретін ұйымның сенімхаты;

11) уәкілетті ұйымның сараптамалық қорытындысы.

22. Мемлекеттік бақылаушы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген құжаттарда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын тексереді, тексеруден кейін Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік бақылау актісін (бұдан әрі – Акт) ресімдейді.  
Актіде мемлекеттік бақылаушы:

1) келісімшартта және ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге ұсынылған өңделмеген табиғи алмастың сәйкестігін/сәйкес еместігін;

2) өңделмеген табиғи алмастың құнын бағалауды;

3) өңделмеген табиғи алмастармен мәмілелер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары бұзылуының болуын/болмауын жазады.

Сәйкессіздіктер болмаған кезде мемлекеттік бақылаушы Актінің көрсетілген бөлімінде «тауарлар ұсынылған талаптарға сәйкес келеді» деген жазба жасайды және мәлімдеуші кедендік декларациялау рәсімінен өтеді.

Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда «тауарлар ұсынылған талаптарға сәйкес келмейді» деген жазба жасалады және ұсынылған тауар әкетуге жатпайды.

23. Акт Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ресімделеді және мәлімдеушіге беріледі.

24. Акт үш данада жасалады: бірінші және екінші данасы мәлімдеушіге табыс етіледі. Бірінші данасы кеден органына ұсынуға арналған. Үшінші данасы уәкілетті органда қалады. Актіге мемлекеттік бақылаушы қол қояды.

Мемлекеттік бақылаушы «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы берілген актілер тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.11.2014 № 1170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

25. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтар болмаған жағдайда мемлекеттік бақылаушы мемлекеттік бақылау актісімен бір уақытта Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының сертификатын (бұдан әрі – Сертификат) ресімдейді және б е р е д і .

26. Өңделмеген табиғи алмасты әкету кезінде кедендік декларациялау мақсаты үшін Сертификат міндетті құжат болып табылады және ол оған қол қойылған күнінен бастап алпыс күн ішінде қолданыста болады.

27. Сертификаттарды ресімдеу және беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

28. Өңделмеген табиғи алмасты әкету кезінде мынадай талаптар сақталуға  
т и і с :

1) өңделмеген табиғи алмастың тиісті партиясы сатуға ұсынылған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығында с а т ы л м а у ы ;

Өңделмеген табиғи алмасты сату туралы ұсыныс Кеден одағы комиссиясы хатшылығының ресми сайтында жарияланады;

2) экспорттық келісімшартта белгіленген әкетілетін партияның бағасы осы партия Қазақстан Республикасының ішкі нарығында ұсынылған бағадан төмен е м е с .

Өңделмеген табиғи алмастар, егер сыртқы сауда шартында белгіленген келісімшарттық құны мемлекеттік бақылаудан өту үдерісінде мемлекеттік бақылаушы белгілеген жалпы құннан аз болса, Қазақстан Республикасының а у м а ғ ы н а н ә к е т і л м е й д і .

29. Қазақстан Республикасы аумағынан Кеден одағына кірмейтін елдерге өңделмеген табиғи алмасты әкету кезінде кедендік аумақтан тыс өндеудің кедендік рәсімінде оның сомасын кейін қайтару арқылы кедендік баждың әкету төлемін қамтамасыз етуді міндетті түрде енгізген жағдайда жүзеге асырылады.

30. Өңделмеген табиғи алмасты Кедендік декларациялау жүргізілгенге дейін кедендік аумақтан тыс қайта өндеудің кедендік рәсіміне орналастыру үшін беру осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген оларды әкелу кезінде қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беру тәртібіне ұқсас жүзеге асырылатын қайта өңдеу шарттары туралы құжатты ұсыну қажет.

Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

Бекітемін

(Мәлімдеушінің басшысы \_\_\_\_\_ лауазымының атауы)

-----  
(Мәлімдеушінің атауы)

М.О. \_\_\_\_\_

( қ о л ы , Т . А . Ә . )

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

(Мәлімдеушінің атауы)

**№ \_\_\_\_\_ келісімшарт бойынша өлшемдік-салмақтық топтар бойынша гауһар дайындау болжамының есебі**

1-кесте

Р/с №	А л м а с шикізатының сипаттамасы және өлшемдік – салмақтық тобы	А л м а с шикізатының салмағы, қараты	Гауһардың өлшемдік - салмақтық тобы	Гауһардың салмағы, қарат			Алмас шикізатына қатысты гауһардың салмағының %		
				ең аз	ең көп	орташа мәні	ең аз	ең көп	орташа мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1			90-120 және <						
			60-90						
			40-60						
			30-40						
			25-30						
			20-25						
			15-20						
			10-15						
			7-10						
			6-7						
			5-6						
			4-5						
			3,4-4						
			0,30-0,39						
			0,40-0,49						
			0,50-0,59						
			және т.б.						
	ЖИЫНЫ:								
2									
	ЖИЫНЫ:								

2-кесте

**№ \_\_\_\_\_ келісімшарт бойынша бөлу қорытындысы**

Гауһардың өлшемдік - салмақтық тобы	Гауһардың салмағы, қарат		
	ең аз	ең көп	орташа мәні
1	2	3	4
90-120 және <			
60-90			
40-60			
30-40			

25-30			
20-25			
15-20			
10-15			
7-10			
6-7			
5-6			
4-5			
3,4-4			
0,30-0,39			
0,40-,49			
0,50-0,59			
ЖИЫНЫ:			

Ескертпе:

Мәлімдеушінің \_\_\_\_\_ технологиялық \_\_\_\_\_ қызметі  
басшысы лауазымының атауы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (қолы)

Кимберлий үдерісінің сертификаттау  
схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи  
алмасты Қазақстан Республикасының  
аумағына әкелу және Қазақстан  
Республикасының аумағынан әкету  
қ а ғ и д а л а р ы н а

2-қосымша

Бекітемін \_\_\_\_\_

(Мәлімдеушінің \_\_\_\_\_ басшысы \_\_\_\_\_ лауазымының \_\_\_\_\_ атауы)

-----  
(Мәлімдеушінің атауы)

М.О. \_\_\_\_\_

( қ о л ы , Т . А . Ә . )

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж .

(Мәлімдеушінің атауы)

**20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ келісімшарт бойынша қайта өңдеу  
өнімдерінің шығу нормаларының есебі**

Р/с №	Алмас шикізатының салмағы, карат	Гауһарлардың салмағы, карат			Қайта өңдеу өнімдерінің шығыс нормалары %		
		ең аз	ең көп	орташа мәні	ең аз	ең көп	орташа мәні
1	2	3	4	5	6	7	8









Р/с №	Мәлімдеушінің атауы	Келісім-шарттың күні және нөмірі	КО СЭҚ Т Н бойынша тауардың атауы	КО СЭҚ Т Н бойынша тауардың коды	КО СЭҚ Т Н бойынша тауардың өлшем бірлігі	Тауар саны	Тауар бағасы, АҚШ доллары	Тауарды декларациялауды жүргізетін кеден органы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Мәлімдеушінің басшысы  
лауазымының атауы

Мемлекеттік органның уәкілетті адамы  
лауазымының атауы

(қолы) (Т.А.Ә.)

(қолы) (Т.А.Ә.)

Мәлімдеушінің бас бухгалтері

(қолы)

(Т.А.Ә.)

М.О.

М.О.

Кимберлий үдерісінің сертификаттау  
схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи  
алмасты Қазақстан Республикасының  
аумағына әкелу және Қазақстан  
Республикасының аумағынан әкету  
қағидаларына  
6-қосымша  
Үлгі

### Қайта өңдеуге әкелінетін (әкетілетін) өңделмеген табиғи алмастардың ТІЗБЕСІ

Р/с №	Мәлімдеушінің атауы	Келісім-шарт, күні және нөмірі	КО СЭҚ ТН бойынша тауардың атауы	КО СЭҚ ТН бойынша тауар коды	КО СЭҚ ТН бойынша тауардың өлшем бірлігі
1	2	3	4	5	6

#### кестенің жалғасы

Тауар бағасы, АҚШ доллары	саны ( ___ -нан ___ ға дейін аралығында)			Шығын	Тауарды декларациялауды жүргізетін кеден органы
	Тауар өнімі	Қайта өңдеу өнімдері			
7	8	9	10	11	

Мәлімдеушінің басшысы  
лауазымының атауы

Мемлекеттік органның уәкілетті адамы  
лауазымының атауы

\_\_\_\_\_ (қолы) (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (қолы) (Т.А.Ә.)

Мәлімдеушінің бас бухгалтері

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

М.О.

М.О.

Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларына

7-қосымша

### Өңделмеген табиғи алмастың жалпы құны есебінің ұсынылатын нысаны

Саны, салмағы	Бағасы (АҚШ доллары)		Негізі (прейс-куранттың және прейскурант бойынша позицияның нөмірі)	Келісімшарттық құны (АҚШ доллары) (2x3-бағ.)	Жалпы құны (АҚШ доллары) (2x4-бағ.)
	келісімшарттық	прейскурант			
1	2	3	4	5	6

Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларына

8-қосымша

### № \_\_\_\_\_ экспорттық келісімшартқа өңделмеген табиғи алмасты пайдалану туралы анықтама

		Беру актілерінің №, жинақтау	Келісімшарттар, берілетін актілер, жинақтау	Экспортқа өткізу үшін өңделген асыл тастарды дайындауға арналған	Ішкі нарықта өткіз үшін өңделген асыл тастарды дайындауға арналған пайдаланылған
--	--	------------------------------	---------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------

Р/с №	Шикізат құжаттарының №, күні	ведомостарының №	ведомостары бойынша өңделмеген табиғи алмас		пайдаланылған өңделмеген табиғи алмас		өңделмеген табиғи алмас	
			салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары	салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары	салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары

**кестенің жалғасы**

Ішкі нарықта сатылған өңделмеген табиғи алмас		Бұрын әкетілген өңделмеген табиғи алмас		Әкетуге мәлімденген өңделмеген табиғи алмас		Қоймадағы немесе өндірістегі өңделмеген табиғи алмас қалдығы	
салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары	салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары	салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары	салмағы, карат	бағасы, АҚШ доллары

Кәсіпорын басшысы

Б а с

б у х г а л т е р ,

М.О.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 3

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 4 7 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды таңбалау қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды таңбалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) «Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын бірыңғай тарифтік емес реттеу туралы» ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешімімен бекітілген Бағалы металдарды, асыл тастарды және құрамында бағалы металдар бар шикізаттық

тауарларды ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ережеге сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар (бұдан әрі - зергерлік бұйымдар) осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен сынамалауға және таңбалауға жатады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізі ұғымдар:

1) сынама – бағалы металл қорытпасының мындаған салмақтық бөліктеріндегі таза бағалы металдың салмақтық бөліктерінің саны;

2) бағалы металл қорытпасы – кемінде біреуі бағалы болып табылатын екі немесе одан да көп металдан жасалған қатты қоспа;

3) сынамалық таңба – зергерлік бұйымға салынатын, осындай бұйымдағы бағалы металл сынамасын растайтын белгіленген үлгідегі белгі;

4) таңбалау – зергерлік бұйымдарға сынамалық таңбалау бедерін салу;

5) сынамалау – зергерлік бұйымдардың сынамасын белгіленген әдістермен а й қ ы н д а у немесе р а с т а у ;

6) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар – бағалы металдардан және олардың қорытпаларынан, басқа да әртүрлі көркемдік өңдеуді пайдаланып жасалған асыл, өнделген, түрлі-түсті тастар және өзге де табиғи немесе жасанды материалдар орнатылған немесе орнатылмаған бұйымдар ;

7) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;

8) уәкілетті ұйым – асыл тастарға, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарға сараптама жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұйым;

9) мәлімдеуші – кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелген, Кеден одағына мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар және уәкілетті органның арнайы есебінде тұрған заңды және жеке т ұ л ғ а л а р .

4 . О с ы Қ а ғ и д а л а р :

1 ) с ы н а м а с ы :

платина қорытпасы үшін 900-ден;

алтын қорытпасы үшін 375-тен;

палладий қорытпасы үшін 500-ден;

күміс қорытпасы үшін 800-ден төмен бағалы металдар қорытпасынан жасалған зергерлік бұйымдарға;

2) бағалы металдар мен олардың қорытпаларынан жасалған, ғылыми,

өндірістік, медициналық, стоматологиялық, ветеринариялық және басқа арнайы мақсаттарға арналған аспаптарға, зертханалық ыдысқа және өзге де бұйымдарға;

3) бағалы металдардың, оның ішінде бағалы металдардан жасалған бұйымдарға әшекей ретінде пайдаланылатын саф металдарға;

4) алтын түстес бағалы металдарға;

5) бағалы металдар құймаларына;

6) қолданыстан алынған монеталарды қоса алғанда, эмиссиядан өткен бағалы металдардан жасалған монеталарға;

7) шыбық, жолақ, сым және түтік секілді шала өнімдерге;

8) бағалы металдармен қапталған бағалы емес металдардан жасалған бұйымдарға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында құқықтық мәртебесі айқындалған мемлекеттік наградаларға;

10) автоқаламдарға арналған бағалы металдардан жасалған қауырсындарға қолданылмайды.

## **2. Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды таңбалау тәртібі**

5. Зергерлік бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мәлімдеуші зергерлік бұйымдарды сараптау және мемлекеттік бақылау рәсімдерінен өтеді.

6. Зергерлік бұйымдарды сараптау үдерісінде уәкілетті ұйым зергерлік бұйымдарды сынамалауды және таңбалауды жүзеге асырады.

7. Уәкілетті ұйым әкелінетін зергерлік бұйымдардың белгіленген сынамаға сәйкестігін тексереді.

8. Зергерлік бұйымдарды сынамалау Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

9. Әкелінетін зергерлік бұйымдар сынамасының сәйкестігі анықталғаннан кейін уәкілетті ұйым зергерлік бұйымдарды таңбалауды жүзеге асырады.